

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Әдебиеттің этикалық аспектілері





Мақсаты: әдебиет пен этиканың арақатынасы туралы оқырман санасында жалпы түсінік қалыптастыру, әдебиеттің тәрбиелік, моральдық қызметімен таныстыру.

Кілт сөздер: әдебиет, мораль, адамгершілік, этика, әдеп, құндылықтар.

Бүгін біз әдебиеттің этикалық аспектілерін сөз етеміз. Әдебиет пен этиканың арасындағы байланыс туралы әңгіме өрбітпей тұрып алдымен этика дегеніміздің өзі не, деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Көбіміз үшін әдеттегі әдепкі сөз ретінде қабылданса да, этика – философияның арнайы бір саласы ретінде белгілі жүйелі ғылым болып саналады. Этика дегеніміздің өзі гректің «дағды», «ғұрып» деген мағыналарын білдіреді. Философияның адамгершілік пен моральді арнайы зерттеу нысанына алатын саласы. Жақсылық пен жамандық, өмірдің мәні, бақыт ұғымдарының сырына үңіліп, мәнін ашуға ұмтылыс жасайды. Сонымен бірге, адамның мінез-құлқы, әдеп-ибасы, құндылықтар жүйесі секілді мәселелерді де айналып өте алмайды. Ал қазақ тілінде «этика» деген терминнің өзі адамгершілік, әдеп, ар, иман, ұждан сынды сөздермен алмастырылып айтыла береді. Жалпы, әдепсіз қоғамдық қатынастар бір ізге түспейтін еді. Этика біздің басқа адамдармен қарым-қатынасымызды бір жүйеге келтіріп, ретке салып отырады. Оның өзегінде адамгершілік қағидалары жатыр. Этикалық қағидаларды ойшылдар мен ғұламалар немесе белгілі бір адамдар тобы арнайы құрастырып шығармайды. Ол ежелден белгілі, халықтың өз ішінде туындаған рухани-моральдық құндылықтардың негізінде қалыптасады. Осындай этикалық қағидалардың ішінде бүкіл діндер мен философиялық жүйелерге ортақ этикалық концепция бар. Ол – «Өзіңе қаламағанды өзгеге де қалама!».

Этика адамзаттың өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі болғандықтан, көне заманнан бергі дәуірлерде бұған қатысты әртүрлі пікірлер айтылып келген. Батыс пен Шығыс ойшылдарының этикаға қатысты пікірлері кейде бір арнада тоғысса, кей жағдайда ерекшеленіп тұрады. Әсіресе біздің заманымызға дейінгі кезеңдерде өмір сүрген ежелгі Грекияның ойшылдары этика ұғымына қатысты жан-жақты талдаулар жүргізіп, трактаттарында тұщымды тұжырымдарын жазып қалдырған. Мысалы, Аристотель этиканың мәселелерін жан-жақты таратып жазды. Оның «Никомах этикасы», «Үлкен этика» және «Эвдем этикасы» деген еңбектерінің бар екені белгілі. Аристотель өзінің этика туралы жазбаларында «алтын орта» деген ұғымды ойлап тапты. «Алтын орта» дегеніміз – әрнениң орта тұсын таба білу. Мысалы, бірден онға дейінгі сандарды алайық. Бес не алты сандары алтын орта болып саналады. Сол сияқты, адамның моральдық-аксиологиялық жүйесінде де осындай алтын ортаны таба білу маңызды. Асып-таспай не болмаса төменшіктемей, дәл орта тұсында болғанда ғана адам ізгілікке жете алады деген пікірді алға тартты. Осы қасиет қана адамның адамшылығын асырып, оның мерейін өсіреді екен. Алайда бұл алтын ортаны көп адам таба алмай, шектен шығып жатады. Мәселен, тым сараңдыққа да, тым ысырапшылдыққа да салынбай, осы екеуінің ортасында өмір сүрген адамның өмірі мәнді болмақ. Жомарттық – дүниеқоңыздық пен ысырапшылдықтың орта тұсы. Сол секілді, батылдық – көзсіз батырлық пен қорқақтықтың ортасы. Антикалық дәуірдің ойшылдарының этикалық тұжырымдары бір арнада түйісе бермейді. Мәселен, Сократ этикасының басты тұжырымы – «Өзіңді таны!». Ал Эпикур этикасы ғылымда гедонизм бағытының тууына түрткі болды. Аталмыш ағымның өкілдері материалист болғандықтан, тек мына өмірдің қызығына батуды ғана көздеді. Адам өмірден ләззат алып, қызыққа батқанда ғана шын бақытқа жетеді деп есептеді.

Сонымен бірге, әр діннің өз этикалық жүйесі болады. Батыста христиан дінінің этикалық қағидалары Қайта өрлеу дәуіріне дейін үстемдік етті. Оның өзегінде Құдай тұрса, Ренессанс дәуірінен бастап оның орнын адам басты. Енді адамды әспеттеу, оның тұлғасын мадақтау белең алып, оған деген сүйіспеншілік үстем болды. Әр дәуірдің өзіндік құндылықтар жүйесі, соған сай этикалық түсінік-пайымдары болатыны белгілі. Мысалы, құл иеленушілік дәуірдегі этикалық ұстанымдар мен Қайта өрлеу дәуіріндегі немесе ХХ ғасырдағы этикалық принциптер арасында аспан мен жердей айырмашылық бар. Бүгінгі кезеңде біз мүлдем басқа ситуациямен, басқа мәселелермен бетпе-бет келіп отырмыз.

Сонымен бірге, әр халықтың да өзіндік ерекшеліктеріне байланысты этикалық ережелер жүйесінің болатыны ақиқат. Мысалы, қазақ халқының этикалық құндылықтарын сарапқа салғанда біз ең алдымен оның дәстүр-салты мен ауыз әдебиеті мұраларына көз саламыз.



Ыбырай Алтынсариннің этикасында басты орында білім, адал еңбек, халыққа пайдалы адам болу сынды мәселелер тұрса, Абай жақсылыққа жуық болып, жамандықтан қашық болуды және күллі адамзатты сүю ұғымдарын алға шығарды, яғни дәуірлер мен ағымдар арасындағы алшақтық болатыны сияқты, тарихи тұлғалардың көзқарас-пайымдарында да алшақтық болды. Олардың өздері биік санаған этикалық көзқарастары болды.

Ал енді философияның этика саласы мен көркем әдебиеттің байланысы қандай деген заңды сұрақ туындайды. Бүгін біз әдебиет пен философияның байланысын ежіктеп таратып айтпаймыз. Ол өзіңізге де белгілі. Дегенмен әдебиет тек оны туғызған автордың ғана емес, тұтас бір қауымның немесе өркениет өкілдерінің өмірге деген көзқарасын, құндылықтар жүйесін, бақыт пен ар-иман туралы түсініктерін, жалпы айтқанда, адамның болмысын ашып беретіні жасырын емес. Олай болса, адамның тұлғасы ашылар сөз өнерінде этикалық мәселелердің көрінбей қалмасы анық. Адам баласының мінез-құлқын, оның бақыт туралы ұғымдары мен өмірге деген көзқарасын танытпайтын әдебиет жоқ. Демек этиканың басты категориялары болып саналатын түсініктердің бәрі де әдебиетте өмір сүреді. Бірақ әдебиет оны философиядағыдай құрғақ тұжырымдар мен терең сараптамаға салмай, адамның күнделікті тіршілік-тұрмысындағы әдеткі жай-күйлермен-ақ үлкен мәселелерден сыр шертіп, құпиясын ашып береді. Әдебиеттің кемшілігі емес, қайта бұл оның өзіне тән ерекшелігі деп білуіміз керек. Әдебиеттің бірнеше қызметі бар екені белгілі. Олардың ішіндегі ең бастысы, әрине, оның эстетикалық әсер етуі болып саналады, яғни адам жанын байытып, жан-жүрегіне қозғау салып, оның көңілін тазарта алса, әдебиет өзінің басты қызметін атқарғаны. Дегенмен сол арқылы әдебиет этикалық бағдар бере алады. Сұлулық пен сұрықсыздық, асқақтық пен пасықтық, жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен мейірімділік сынды бинарлық оппозициядағы ұғымдар арасындағы мәңгілік күресті нысанаға ала отырып әдебиет адам баласының өміріндегі маңызды мәселелерді ашып беруге тырысады. Осы арқылы адамның субъективті пікірлерін, ішкі сезімдері мен күйініш-сүйініштерін, талғамы мен өмірлік мұраттарын қаузады әрі объективті дүниеге деген ұстанымдарын танытады. Көркем әдеби мәтінді оқыған адамның жақсылық атаулығы асық болып, жамандық атаулыдан қашық болуға талпынатыны содан болса керек. Міне, осылайша әдебиет этикалық функцияны да қоса атқарады екен. Задында, қазақ тіліндегі «әдебиет» сөзінің өзі арабтың «адаб», яғни әдеп сөзінен шыққан. Бұл түрік текті жұрттардың әдебиетінің әлемдегі басқа елдер әдебиетінен ерекшелеп тұратын бір айырмасы болса керек. Себебі, қазақтың сөз өнерінде әдептілік қағидалары жиі жырланып, әдебиеттің ең негізгі талап-тілектерінің бірі болып саналған. Содан да болар, қазақтың ертедегі жазбаларын парақтағанымызда оның кейбір тұстары эстетикалық талап-тілектерге сай болмай шықса да, ондай шығармалардың өне бойынан әдептілікті, моральдық құндылықтарды ту еткен мазмұнға кезігеміз. «Әдебиет адамды биік қоғамдық идеалдар, зор азаматтық арман-мұраттарға жетелейді, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, табандылыққа баулиды, адалдық үшін күресуге жігерлендіреді. Оқырман әдеби шығармадан әлеуметтік мәселелерге жауап-шешім іздейді. Міне, осының өзі адамның ой-санасын байыту жағынан да, тәрбиелік жағынан да әдебиеттің ықпалы аса зор деген сөз. Ал оқырманның өмірдегі не нәрсеге сүйсініп, не нәрсеге күйінетіні, кейіпкердің қандай іс-әрекетін, қылығын құптап, қай кейіпкерді ұнатпайтыны – бұл тек моральдық көзқарас, түсінік қана емес, эстетикалық көзқарас болып табылады. Өйткені қоғамдық мақсат, этикалық мұрат пен эстетикалық мұрат көбіне жақын, жалғас ұғымдар болып келеді. Ендеше, әдеби шығарма өзінің үлкен қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығымен де эстетикалық сезімімізге әсер береді, өмірдегі адамның бойындағы, мінезіндегі әдемілікті, әсемдікті қалай түсіну керектігін үйретеді» [1; 87].

Біз айналамыздағы адамдармен қалайша қарым-қатынас жасаймыз? Моральдық құндылықтар мен қағидаларға келгенде біздің түсінік-танымымыз қандай деген сұрақтар туындайды. Міне, осындай сұрақтарға философиядағы этика саласының арнайы жауап іздейтінін жоғарыда тілге тиек еттік. Біз этикалық таңдауларымызды белгілі бір моральдық кодекстер аясында жасаймыз. Ол кодекстер біздің таңдауларымызды жеңілдетеді. Алайда мұндай кодтар көбіне-көп өзі пайда болған, дамыған әлеміне тікелей қатысты боп келеді. Ал аталған әлем қазір жоқ, өтіп кеткен, кодтар соншалықты сенімді боп көрінбеуі мүмкін. Алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілер арасында, жалпы айтқанда, үлкендер мен жастар арасында туындайтын қайшылықтар көбінесе тап осы әдеп-иба мәселесінен туындайды. Өйткені үлкендер жағы



кейінгі буын өкілдері үшін тым оғаш көрінбейтін, қайта қалыпты жағдай ретінде қабылданатын кейбір іс-әрекеттер мен сөздерге тосқауыл қояды. Бірақ басқа моральдық ережелер этикалық әрекеттерге сабырлылықпен қарауға бағытталады және әмбебап әрі мәңгілік сипатымен де қабылданады. Мысал келтірейік: өзгелерге зиян тигізбе; өзіңе тиесілі болмаған затқа тиіспе; басқалар саған сенім артып бір іс тапсырса, оның үдесінен шық, уәдеңе берік бол деген секілді әдептіліктің ең басты қағидаларындай көрінетін заңдар біздің санамызға кішкентай кезімізден сіңдірілген. Иммануэль Кант сияқты моральдық құндылықтарды зерделеген философтар мәдени және территориялық ерекшеліктеріне қарамастан жалпы адам баласына ортақ этикалық қағидаларды анықтауға тырысқан. Оның тұжырымы мынадай: бәріне бірдей міндетті бола алатын қағидаларға сай болыңыз. Ол әмбебап принциптер мен кез келген адам қабылдауға тиісті этикалық қағидалар болсын. Кейінгі утилитарлық философияның өкілі Джон Стюарт Милл мынадай идея айтады. Басқаларға зиян тигізбейтін әрі өзіміз қалаған кез келген нәрсені жасай алуымыз керек. Миллдің этикалық философиясының өзегінде біздің басқалармен жасайтын қарым-қатынасымыз тұрды. Жиырмасыншы ғасырдың феноменологі Эммануэль Леминас басқа адамдармен араласып, қарым-қатынас жасаған кезде ғана біздің санамыз сергек, ойымыз тұнық болады деп есептеді. Ал біздің өзімізді біз басқалармен қатынасымыз бен жауапкершілігіміз арқылы шектелген.

Лир патшаның бейнесіне көз салғанда оның басқалардың жағдайын жете түсіне алмай-тынына куә боламыз. Ол басқаларға дәрәкі сөйлеп, бұйрық беруге асық. Алайда этика дегеніміздің өзі әртүрлі ситуацияларға байланысты өзгелердің алдындағы біздің жауапкершілігіміз емес пе? Онда күшке қарағанда барынша ымырашылдық пен келісім қажет болады. Екі жақта этикалық қатынастан толыққанды әділдікті сезіне алуы керек. Пьесада ешқандай сезім-түйсіксіз бұйрық беруге негізделген ескі билік қатынасы мен басқалардың алдындағы этикалық жауапкершілігін терең сезінетін жаңа әлем арасындағы қақтығыс бар. Сонымен бірге, пьесада сөзінде тұрмай, келісімді бұзу секілді этикалық әрекетке жатпайтын көріністер кездеседі. Адамдар өзіне зиян келмес үшін басқалармен өтірік келісімге келе салудан тартынбайды. Жүрекке сенім ұялататын сөздер шынтуайтына келгенде сатқындық боп шығады. Осы секілді опасыздықтар мен көркемдік ойындар пьесадағы этикалық мәселелерді танып білуге жол ашады. Кейіпкерлердің пиғылы мен мінез-құлқын, әсіресе, саналы түрде өтірік айтуға бекінген кездерде танып білу мүмкін емес. Мұндай келеңсіздіктермен күресудің жалғыз жолы адамдарды ізгілікке шақырып, өздерін белгілі бір қалыпта ұстауына шақыру.

Тек Шекспирдің «Лир патша» пьесасында ғана емес, басқа да көптеген көркем туындылардан біз моральдық-этикалық құндылықтардың барынша шынайы көрініс тапқанына куә бола аламыз. Ол, әсіресе, классикалық әдебиетке тән сипат болып саналады. Өйткені жалпы адамзаттық құндылықтарды ту арқау еткен әдеби мәтіндердің ғұмыры да ұзақ болады. Себебі күллі адам баласы үшін маңызды болып табылатын категориялар қоғамдық формациялар ауысып, дәуірлер өзгергенімен, өзектілігін жоймақ емес. Содан да аталмыш ұғым-түсініктерді ту еткен әдеби мұралар ғасырлар бойы өз оқырмандарының рухани-мәдени қажеттіліктерін өтеп келеді. Этикалық-аксиологиялық сипаты басым әдеби мұралардың поэтикалық салмағы аса ауыр болмаса да, аталған қасиеттеріне қарай өз құнын жоғалта қоймайды деп ойлаймыз. Мысалы, совет кезеңінде мақтауға ілініп, көп насихатталған кейбір әдеби шығармалардың бүгінде ауызға алынбайтыны осының айғағы болса керек. Ал таптық, социалистік шындық аясымен шектелмей, жалпы адамзаттық құндылықтарды арқау еткен кейбір шығармалар әлі күнге дейін оқырман ықыласына бөленіп, өзінің маңыздылығын арттыра түспесе, кеміткен жоқ.

Біз өткен дәрісімізде рецепция мәселесіне тоқталған болатынбыз. Бүгінгі сөз етіп отырған этика мәселесі де рецепция ұғымымен тығыз байланысты. Өйткені көркем мәтінде автордың дүниетанымы, құндылықтары, этикалық бағдары белгілі бір деңгейде көрініс табады десек, оқырман да ондағы құндылықтар жүйесін, моральдық принциптерді белгілі бір деңгейде бойына сіңдіреді. Міне, этика мен әдебиеттің байланысы туралы сөз еткенде осы секілді дүниелерді қаперде ұстаймыз. Ендігі дәрісімізде біз әдебиеттану ғылымында маңызды рөл ойнайтын постструктурализм ағымы туралы сөз қозғайтын боламыз.



Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Этика дегеніміз не? Оның басты зерттеу нысаны туралы әңгімелеңіз.
2. Әдебиеттің тәрбиелік қызметінен бөлек қандай функциялары бар? Ашып түсіндіріңіз.
3. Бір шығармаға сүйене отырып ондағы этикалық принциптердің көріну ерекшеліктерін талдап беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
2. Сарсенова Ж.Н. Этика және эстетика негіздері / Ж.Н. Сарсенова; Қаз. Қыздар пед. ин-ты. – Алматы, 1995. – 62 б.
3. Мильнер-Иринин, Яков Абрамович. Пушкин и вечность / Мильнер-Иринин, Яков Абрамович; Отв. ред. Н.Я. Кованова. – М.: Наука, 2004. – 520 б.